

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Педагогикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Педагогическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-2661

№ 2 (2025)

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org10.48081/EZPK4817>

Бас редакторы – главный редактор

Аубакирова Р. Ж.

д.п.н. РФ, к.п.н. РК, профессор

Заместитель главного редактора

Жуматаева Е., *д.п.н., профессор*

Ответственный секретарь

Каббасова А. Т., *PhD доктор*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Мағауова А. С.,

д.п.н., профессор

Бекмағамбетова Р. К.,

д.п.н., профессор

Самекин А. С.,

доктор PhD, ассоц. профессор

Син Куэн Фунг Кеннет,

д.п.н., профессор (Китай)

Желвис Римантас,

д.п.н., к.псих.н., профессор (Литва)

Авагян А. В.,

д.п.н., ассоц. профессор (Армения)

Томас Чех,

д.п.н., доцент п.н. (Чешская Республика)

Шокубаева З. Ж.,

технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

FTAMP 20.01.04

<https://doi.org/10.48081/DFKW7314>

***Г. К. Касымбекова¹, М. П. Асылбекова²,
М. Е. Нурғалиева³**

^{1,2}Л. Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Астана қ.

¹Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

*e-mail: gaukhar.65@mail.ru

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5805-9529>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-7529-8022>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4893-5545>

СТУДЕНТТЕРДІҢ ПЕРФЕКЦИОНИСТІК ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ МОТИВТЕРІ МЕН ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ

Мақалада жоғарғы оқу үдерісіндегі білім алушылардың перфекционистік деңгейлерін саралауда студенттердің арасында мазасыздық пен депрессия деңгейлері жоғары, күйзеліске қарсы тұра алу қабілеттерінің төмендеуі мен суициалдық мінез-құлыққа бейімділіктің жоғары екендігі анықталған ғалымдардың еңбектеріне теориялық талдаулар беріліп соның негізінде перфекционизм деңгейі жоғары студенттердің қажеттілік-мотивациялық саласының ерекшелігі қарастырылады. Перфекционизм деңгейлері жоғары адамдардың мәселесі жан-жақты талданса да әлі күнге дейін өзекті мәселелердің бірі екендігі белгілі, ендеше педагогика және психология ғылымдарында: өмір әрекеттерінің әртүрлі салаларында перфекционизмнің мәні неде; перфекционизмнің жағымды жақтары бар ма; перфекционизм құрылымы мен критерийлері неде; жетістікке ұмтылудың жағымды мәні неде; перфекционизмнің дені сау типтерінің қалыптасу детерминанттары неде т.с.с. сұрақтарға қазіргі күнге дейін толық, нақты жауаптардың болмауы аталған тақырыптың өзектілігін аша түседі. Перфекционизмінің негізгі мәселелерін талдай келе жоғарғы деңгейдегі перфекционист студенттердің қажеттілік-мотивациялық аймақтарының ерекшеліктерінің талдауларына тоқталамыз. Зерттеудің жалпы теориялық болжамдарына сәйкес білім алушылардың

жетістікке ұмтылулары арқылы деструктивті және конструктивті перфекционизмдерін қанағаттандыруда қажеттіліктерін әртүрлі мотивтер арқылы жүзеге асырады. Зерттеудің мақсаты ретінде перфекционизм типологияларына тәуелді тұрғыда жетістікке жету қажеттіліктер құрылымын салыстыру болып табылады. Жетістікке жетуге деген қажеттілік перфекционизмнің жоғары деңгейі бар студенттер үшін жетекші бола отырып, жетістікке жету және өзін-өзі реттеу, өзектендіруді жүзеге асыру мотивациясы арқылы (сындарлы (конструктивті) перфекционизмі бар студенттер үшін) немесе сәтсіздікке жол бермеу мотивациясы және өзіне маңызды тұлғалардың келісімін алу мотивациясы арқылы жүзеге асырылу (деструктивті перфекционистер үшін) деңгейлерін көрсететін салыстырмалы эмпирикалық зерттеу жүргізіліп, зерттеу нәтижелерінің толығымен эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштері салыстырмалы түрде талданып, нәтижелеулері ұсынылады.

Кілтті сөздер: Перфекционизм, деструктивті перфекционизм, конструктивті перфекционизм, жетістікке жету мотивациясы, сәтсіздіктен қашу мотивациясы, өзін-өзі жүзеге асыру

Кіріспе

Заманауи психологиялық зерттеулерде психологиялық үйлесім мен студенттердің әлеуметтік және психологиялық әл-ауқаттары өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Осы бағытта жүргізілген зерттеулердің нәтижесін саралауда студенттердің арасында мазасыздық пен депрессия деңгейлері жоғары, күйзеліске қарсы тұра алу қабілеттерінің төмендеуі мен суициалдық мінез-құлыққа бейімділіктің жоғары екендігі анықталған (Т. Ю. Дмитриева, Б. С. Положий, 1998; Ю. А. Александровский 2001; М. В. Москова, 2009), ал отандық ғалымдар (Ускенбаева Д. А. Жеткіншектердің аутоагрессивтік мінез-құлқы, 2018, С. А. Алимованың зерттеуінде студенттердің емтихан тапсыру кезіндегі күйзелістік күйлері мен жүрек қағыстарының ырғағының өзара байланыстарын қарастырса, Г. Б. Ниетбаева жоғарғы оқу орындарында оқитын студенттердің психологиялық әл-ауқаттарының бұзылуларын зерттеген, М.К. Бапаева студенттердің фрустрациясын және оларға психологиялық көмек көрсету мәселесін талдаса, М. К. Жолдасова оқу үдерісінде студенттердің физикалық және психикалық күйзелістерінің өзара байланыстарын анықтаған, Г. К. Касымованың зерттеулерінде, академиялық күйзелістің теориялық және әдістемелік аспектілерін талдаған.

Перфекционизм (латын тілінен *perfectus* – кемелдік) – адамның кемелдікке жету қабілеті туралы ілім. Психология ғылымында перфекционизм түсінігін адамның өзіне және қоршаған адамдар мен қоғамға шектен тыс талаптарды жоғары қоюлары аясында қарастырылады [1].

Перфекционизм деңгейлері жоғары адамдардың мәселесі жан-жақты талданса да әлі күнге дейін өзекті мәселелердің бірі болып саналады [2]. Перфекционизмді патологиялық феномен ретінде және эмоцияның бұзылу факторлары тұрғысынан (A. Beck, S. Blatt, G. Flett, R. Frost, R. Heinberg, P. Hewitt, C. Holt, J. Mattia, A. Neubauer, P. Pilkonis, D. Quinlan, E. Shevron, Н. Г. Гаранян, А. Б. Холмогорова т.с.с.). ғалымдар зерттеген [3]. Педагогика және психология ғылымдарында: өмір әрекеттерінің әртүрлі салаларында перфекционизмнің мәні неде; перфекционизмнің жағымды жақтары бар ма; перфекционизм құрылымы мен критерийлері неде; жетістікке ұмтылудың жағымды мәні неде; перфекционизмнің дені сау типтерінің қалыптасу детерминанттары неде т.б. сұрақтарға қазіргі күнге дейін толық, нақты жауаптардың болмауы біздің зерттеуіміздің өзектілігін көрсетеді.

Материалдар мен әдістер

Алдыңғы мақалада студенттер перфекционизмінің негізгі мәселелерін талдасақ енді перфекционист деңгейлері жоғарғы студенттердің қажеттілік-мотивациялық аймақтарының ерекшеліктерін қарастырамыз.

А. Н. Леонтьевтің іс-әрекет теориясы тұғырында адамның қажеттілік-мотивациялық аймағы бойынша ілімді қарастырады. Ғалым бұл мәселені триада тұрғысынан талдайды: «қажеттілік-мотив-іс-әрекет». Қозғаушы күштің мотиві негізіндегі іс-әрекеттің қайнар көзі ретінде өзекті қажеттіліктерді дәлел ретінде береді. Мотивті іс-әрекетті бағыттаушы, қажеттілікке жауап ретінде және негізгі пәні, деп көрсетеді. Әрекеттің өзінің мотивтері болады, онда индивид саналы қабылдап және бақылай алады немесе субъектінің өзінен немесе сыртқы бақылаушыдан жасыруы да ықтимал. Алайда, мотив пен қажеттілік, мотив пен іс-әрекет, қажеттілік пен іс-әрекет арасында қатынастардың қатаң біржақтылығы болмайды, бірақ қандай да бір нысанның өзі әртүрлі қажеттіліктерді қанағаттандырып қандай да бір іс-әрекеттерге де жетелейді [4].

Бірақ перфекционизмге берілген анықтама бойынша қандай да бір абсолютті жағымды үлгінің болуын болжайды сонымен қатар адамзат өмірінің мәніне жақындауға ұмылыс тұрғысынан да қарастыруға болады. Біздің ойымызша «тұлға ұмтылысы» мен «тұлға қажеттіліктері» түсінігімен концептуалды-жақын болып келеді. Олай болса, қандай қажеттіліктер жалпы ортақ болады, студенттердің конструктивті немесе деструктивті

перфекционизм ерекшеліктері болады? Қандай мотивтер арқылы көрініс береді (егер мотив қажеттіліктерді анықтайтын болса?) [5].

Зерттеудің жалпы теориялық болжамдарына сәйкес студенттердің жетістікке ұмтылулары арқылы деструктивті және конструктивті перфекционизмдерін қанағаттандыруда қажеттіліктерін әртүрлі мотивтер арқылы жүзеге асырады. Зерттеудің мақсаты ретінде перфекционизм типологияларына тәуелді тұрғыда жетістікке жету қажеттіліктер құрылымын салыстыру болып табылады.

Сонымен зерттеуіміздің мақсатына сәйкес келесілерді қарастыруға болады: студенттердің перфекционизм типтері жетістікке жету қажеттіліктер құрылымын анықтайды; студенттердің перфекционизм типтері жетекші мотивтерді анықтайды; перфекционизм деңгейі мен жетістікке жету мотивтерінің немесе сәтсіздіктен қашу мен өзін-өзі өзектендіру деңгейінің арасындағы өзара байланыс болады. Зерттеу объектісі ретінде студенттердегі қажеттіліктер-мотивациялық аймағы перфекционизмнің жоғарғы деңгейі болып саналады. Сәйкесінше, зерттеу міндеттері студенттердің перфекционизмнің конструктивтілігі мен деструктивтілігі қажеттіліктер құрылымдарын салыстыру; студенттердегі конструктивті және деструктивті перфекционизмдерін мотивация құрылымымен салыстыруларды талдаймыз.

Зерттеу әдістері. Зерттеуге Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Астана халықаралық университеттерінің педагогика және психология, мекепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, бастауышты оқыту және тәрбиелеу мамандықтарының екінші курс студенттерінің сындарлы перфекционизмдері бар (ары қарай КП – 146 студент) сонымен қатар деструктивті перфекционизмдері бар (ары қарай ДП – 151 студент) қатысты.

Перфекционизмнің деструктивтілігінің көрсеткіштері перфекционизм деңгейі жоғары студенттер (Н. Г. Гаранян және А. Б. Холмогорова сауалнама) нәтижесі бойынша және депрессия деңгейінің жоғарлығымен ерекшеленді (А. Бектің депрессия шкаласы) бойынша депрессия деңгейінің төмендігі анықталды [6].

Студенттердің жоғарғы жетістікке жетуге деген қажеттіліктерінің деңгейін зерттеу мақсатында сауалнаманың орысша нұсқасын қолдандық Multidenslonal perfectionism scale (MPS, перфекционизмнің көпшкалалы әдісі И. И. Грачева бейімдеген, 2006 ж.)

MPS шкаласында бірнеше бекітулер нұсқасы бар, онда респонденттердің перфекционизм деңгейі бойынша келісімін анықтауға мүмкіндік береді. MPS құрылымы 3 субшкаладан тұрады, әр шкалада 15 бекітулері бар. Автордың пайымдауынша, әдістемеде респонденттің жетістікке жетуге деген қажеттіліктерінің бағыттары бойынша – тікелей өзінің жетістікке

ұмтылуына деген қажеттілік; басқалардың айтылмаған тілектеріне сәйкес келу қажеттілігін анықтауға болады [7].

Нәтижелер және талқылау


Респонденттердің екі тобына да жетістікке жетуге қажеттіліктері бар екендігі белгілі болды (1 кесте). Алайда, перфекционизмнің конструктивтілігі мен деструктивті топтарындағы студенттердің жетістікке жету қажеттіліктері құрылымы әртүрлі екендігі белгілі болды.

Кесте 1-ден көріп отырғандай қалыпты перфекционизм бағытындағы студенттерде өздерінің жетістікке жетуге қажеттіліктері айқын екендігімен ерекшеленсе, деструктивті перфекционизм бағытындағы студенттерде басқалардың айтылмаған тілектеріне сәйкес келуге деген қажеттіліктердің басымдылығын көрсетті. Зерттеу нәтижелерінің айырмашылықтарының сенімділігін Манн-Уитни бойынша, мұндағы $p < 0,01$ коэффициентімен есептелініп салыстырылды.

1-кесте – Конструктивті және деструктивті перфекционизмі бар студенттердің жетістікке жетуге деген ұмтылыстарға қажеттіліктер деңгейінің көрсеткіштері

Топ	<u>Өзіндік жетістікке ұмтылыс қажеттіліктері</u>		<u>Басқалардың жетістіктеріне қажеттілік</u>		<u>Басқалардың тілектеріне сәйкес келуге деген қажеттілік</u>	
	μ	δ	μ	δ	μ	δ
Қалыпсыз перфекционизм	52,37	17,06	64,87	7,7	75,01	7,80
Қалыпты перфекционизм	69,33	27,70	55,5	9,66	50,50	11,95

Деструктивті перфекционизм тобындағы студенттерде талаптарының шындыққа үйлеспейтін деңгейімен жан-жақты жетілдіру қажеттілігі түбегейлі тұрғыда қанағаттанбайды және тұрақты эмоционалды қанағаттанбау мен өзіне-өзі көңілі толмаулары деструктивті перфекционизмі бар студенттердің мәселелі әртүрлі тәжірибелерінен көруге болады («тәжірибесі мен әрекетіне» байланысты емес басқа да жағдайлар болуы мүмкін ойлар келеді: «қаншалықты нәтижеге қолым жетпеді....» т.с.с.), деструктивті перфекционизм тобындағы студенттердің сауалнамаға жауаптары «әрқашан» болады. Зерттеу жұмысындағы екі топ нәтижелерін салыстырмалы тұрғыда келесі берілген суреттен көруге болады.



1-сурет – Деструктивті және конструктивті типтегі перфекционист студенттердің жетістікке жетуге ұмтылыстары мен қажеттіліктері бойынша нәтижелердің салыстырмалы көрсеткіштері

Мұндағы: ӨЖҰҚ – өзіндік жетістікке ұмтылыс қажеттіліктері; БЖҚ – басқалардың жетістіктеріне қажеттілік; БЖҚ – басқалардың тілектеріне сәйкес келуге деген қажеттілік.

Енді, перфекционизмнің жоғарғы деңгейін көрсеткен студенттер әрекеттерінің мотивтері қандай, сонымен қатар екі топтың жетекші мотивтерінің айырмашылықтары неде екендігін анықтауға байланысты өзіміздің талдуларымызды ұсынамыз.

Кеңес одағының ғалымы А. Н. Леонтьевтің пайымдаулары бойынша, адамның қажеттіліктерін кел-келген іс-әрекеттің алдыңғы шарты ретінде аламыз, алайда қажеттіліктің өзі жеке адамның іс-әрекетке нақты бағыт бере алмайтынын білеміз. Ендеше, перфекционизм деңгейінің жоғарғы көрсеткіштері бар білім алушылардың жоғары жетістіктерге деген қажеттіліктері басым болады, оның өзіне тән таңдамалылығы болады, бірақ аталған қажеттіліктерді қанағаттандыруда іс-әрекеттер анық болмауы да мүмкін. Бағытталған іс-әрекеттің тітіркендіргіші қажеттіліктер ғана болмайды, оған сәйкес келетін затта болуы ықтимал. Іс-әрекет бағытындағы қажеттіліктердің нақты нысаны әсер етеді, ол дегенеміз материалдық немесе идеалды, эмоция түрінде қабылданатын идея, деп түсінуге болады. А. А. Леонтьев оны іс-әрекеттің мотиві деп атаған. Мотив ол адамның әрекетін, сыртқы мінез-құлқын, ішкі психикалық үдерістерін белсендендіруге кедергі болуы да әбден мүмкін [8].

Іс-әрекетке байланысты қарастырылған қатынастар негізіндегі мотивтер мақсат аймағын белгілеуге болатындығымен қатар оны анықтауда өзіндік іс-ірекетін таңдау мен реттеуге тікелей әсерін береді. Жетістікке жету мотивтерін Д.Мак-Клелланд, Д. Аткинсон, Х. Хекхаузен [9] зерттеулеріндегі

анықтамаларында іс-әрекетпен мотив байланысының түрлерін көрсетеді: жетістікке жету мотиві мен сәтсіздіктен қашу мотивтері.

Жетістікке жету мотивтеріне бағытталғандар өздерінің алдарына жағымды бағыттағы мақсаттар қояды, оның нәтижесі тек жағымды бағалауға ғана негізделеді. Бұл типтегі адамдар сындарлы аймақтарында тек жетістікті жағымды жағынан күтулер болады, іс-әрекеттерінде тек міндетті түрде жетістікке жетуге деген сенімдері болады. Олар өздерінің мақсатқа жетуге бағытталған іс-әрекеттерінің басқалардың қабылдауларын күтеді және іс-әрекет барысында жағымды эмоциялармен алмасады. Сонымен бірге осы типтегі адамдар өздерінің бойларындағы барлық ресурстарын нақты мақсатқа жетуге толық жұмылдарумен сипатталады.

Ал, сәтсіздіктен қашуға бағытталған мотивтер бойынша керісінше іс-әрекет етеді. Бұл типтегі адамдардың іс-әрекеттегі негізі мақсаттары жетістікке жету емес, сәтсіздікке жол бермеу мен қатар барлық іс-әрекеттері мен ойлары тек осыған ғана бағытталады. Бастапқыда сәтсіздіктен қашуға бағытталған мотивтері бар адамдарда өздеріне сенімсіздіктері мен жетістікке жетуге деген сенімсіздіктермен қатар сыртқы сыни пікірлерден қорқулар басым болады. Сонымен қатар оларда жағымсыз эмоционалды тәжірибелер мен байланыстырылған іс-әрекеттеріне қанағаттанбаушылық пен ішкі эмоционалды қысымдық сезімдері болады.

Олай болса, біз өз зерттеуімізде жетістікке жету мен сәтсіздіктен қорқу мотивтерін А. А. Реанның сауалнамасын [10] қолдандық. Сауалнама нәтижелері реттілік шкала тұрғысында және выборкалар тәуелсіз тұрғыда алынып, нәтижелердің сенімділігін Стьюденттің t-критерийлері арқылы есептелді. Стьюдент бойынша эмпирикалық статистикалардың мәнділіктері ($t_{\text{эмпи}}=3,16$), яғни критикалық статистикадан жоғары болды ($t_{\text{крит}} 0,01=2,59$), олай болса конструктивті перфекционизм және деструктивті перфекционизм топтараның арасындағы жетістікке жету мотивтері/сәтсіздіктен қашу бойынша алынған нәтижелердің мәнді екендігін дәлелдей алады. Мағлұматтарды таратуда Е. И. Пустыльниктің формуласы қолданылды.

Нәтижесінде, АЭМП<АКР анық болды. Олай болса, алынған нәтижелер қалыпты жағдаймен ерекшелінбейді, ендеше алынған параметрлік критерийлерді қолдануға мүмкіндік береді.

2-кесте – Студенттің t-критерийі бойынша орташа салыстырмалы көрсеткіштері

ЭТ	Деструктивті		Конструктивті	
Жетістікке жету мотивациясы	μ	δ	μ	δ
	6,7	3,2	14,3	2,7

Мұндағы: μ – орта арифметикалық бағалаулар; δ – стандартты ауытқулар деструктивті және конструктивті топтарындағы көрсеткіштер арасындағы байланыстарда ерекше айырмашылықтардың болуын көрсететін корреляциялық талдау жетістік мотивациясы мен перфекционизмнің арақатынасын нақтылай алады. Корреляциялық талдау деректері 3 және 4 кестелерде келтірілген.

3-кесте – Пирсон корреляция коэффициенттері бойынша перфекционизм көрсеткіштері


Перфекционизм көрсеткіштері	Перфекционизмнің жалпы деңгейі	
	Қалыптан төмен	Қалыпты
<u>Басқаларды жоғары талаптар ретінде қабылдау</u>	0,04	0,02
<u>Жоғары және өзіне қойылатын талаптар</u>	0,12	0,25
<u>Өзінің сәтсіздіктері мен қателіктері бойынша ақпаратты тандаулары</u>	-0,24	-0,26
<u>Ойлау полярлықтары «бәрі немесе ештеме»</u>	-0,39	0,45

3-Кесте көріп отырғанымыздай, конструктивті перфекционизмі бар білім алушылар топтарында тұлғалық перфекционизмнің дамуы мен жетістік мотивтерінің артуы арасында әлсіз корреляциялық байланыс бар деуге болады.

Деструктивті перфекционизмі бар білім алушылар тобы арасындағы аталған тәуелділік мөлшері шамалы. Тұлғаның өзіне қойылатын талаптардың өсуімен жетістікке жету мотивтері тек конструктивті перфекционизм тобындағы студенттерде артады. Сәтсіздіктер мен жеңілістерді есте сақтауға деген бейімділіктің артуы жетістікке жету мотивтерін төмендетеді және студенттердің екі тобында да сәтсіздікке жол бермей мотивтерін арттырады. Қарама-қарсы әсер іс-әрекет стандарттары мен ойлаудың дихотомиясының жоғарлауына әкеледі. Конструктивті перфекционизм тобындағы аталған жетістікке жету мотивтерінің дамуы тұрғысынан көрінеді. Деструктивті перфекционизм тобындағы студенттерде сәтсіздіктен қорқу мотивтерінің басымдылығы болады.

Бұл құбылысты психологиялық депрессияға тән тұлғайшілік мотивтерінің қақтығыс тұрғысынан түсіндіруге болады. Сонымен қатар перфекционизм топтарының конструктивті және деструктивті топтарының айтарлықтай айырмашылық деңгейі мен өзін-өзі бағалау арасындағы өзгешеліктерді көрсетеді (2-сурет).

Мотивтер барысындағы қақтығыстар бір жағынан, талаптардың жоғарғы деңгейлері мен үйлесімсіздіктерді арасындағы қарама-қайшылықтар болса, екінші жағынан, өзін-өзі бағалаудың төмен деңгейімен өзіне деген сенімсіздікте болады. Н.Г. Гаранянның зерттеулерінде перфекционисттердің жетістікке деген қажеттіліктері мен сәтсіздікке жол бермеу мотивтері бойынша құбылыстарды атап өткен [11].



2-сурет – Дембо-Рубинштейн әдістемесі нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіштері

4-кесте – Дембо-Рубинштейн әдістемесі бойынша нәтижелер кестесі

	Денсаулық	Ақыл	Мінез	Сенімділік	Үлгірімі	Сырт бейнесі	Жағымдылығы
КП	17,2	18,9	14	16	27,1	17,7	20,9
ДП	68,2	60,4	58,9	53,5	76,4	78,4	62

Сонымен, тұлғаның дамуы мен жетістікке жету мотивтері/сәтсіздіктен қашуға деген қажеттіліктері арасындағы байланысты анықтауда корреляциялық талдауларға жүгіндік.

5-кесте – Спирменнің корреляциялық коэффициенттері бойынша көрсеткіштері

ТОП	Өзіндік жетістікке ұмтылыс қажеттілігі	Өзгелердің жетістіктеріне қажеттілігі	Басқалардың тілектеріне сәйкес келуге деген қажеттілік
ДП	0,23	0.03	-0.62
КП	0,57	0.30	-0.01

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай деструктивті перфекционизмдері бар студенттердің жетістікке жету мотивтері өзіндік ұмтылыс қажеттіліктерімен байланысы әлсіз болса, керісінше басқалардың көңілінен шығуға деген қажеттілік орташа деңгейде болды.

Конструктивті перфекционизмі бар студенттердің жетістікке жету мотивтері мен өзіндік жетістіктерге деген қажеттіліктер орташа деңгейді көрсетіп, арасында оң байланыстар бар екендігі анықталды. Ендеше, өзіндік жетістікке ұмтылыс қажеттіліктерінің өсуі перфекционизмнің кез-келген түрінде жетістікке жету мотивін арттырады деуге болады [12]. Бірақ, өзгелерді кемелдендіру қажеттілігі тек конструктивті перфекционистер тобы студенттерінің жетістікке жету мотивациясын ұлғайтады (басқа маңызды адамдарға қойылатын талаптар неғұрлым жоғары болса, жетістік мотивациясы соғұрлым жоғары болады).

Деструктивті студенттер тобы үшін басқалардың көңілінен шығу қажеттілігі артқан сайын, сәтсіздікке жол бермеуге деген ынталары артады [13]. Бұл өз тарапынан мотивациялық тенденциялар деструктивті перфекционизммен бірге теріс, жағымсыз мінез-құлықтың негізгі себептерінің бірі болады, деп болжай аламыз. Осы тұжырымдама тұрғысынан «егер мен қателесем, шалыс бассам, мені ешкім сыйламайды, қабылдамайды..... т.с.с.», деген ригидті иррационалдық пікірлердің болуы, сондықтан қателесудің ықтималдылық деңгейін түсіру үшін, алдын ала толық жоспарлап, оның нәтижесін нақты болжаумен қатар, орындау тәсілдерінің бірнеше нұсқасын талдаған жөн.

Қорытынды

Сонымен жетілуге деген қажеттілік перфекционизмнің типологиясына байланысты перфекционизмнің жоғары деңгейі бар студенттер үшін жетекші болып, әртүрлі мотивтер арқылы қолданылып, жүзеге асырылады [14]. Конструктивті перфекционизмі бар студенттер тобында жетістікке жету мотивтері мен өзін-өзі өзіктендіру мен әрекетті жүзеге асыру негізгі мотив ретінде саналады [15] бар студенттер тобында жетекші мотив ретінде сәтсіздіктен қашу мотивациясы болып табылғанымен, алайда оларда өзін-өзі

өзектендеру мотивациялары әлсіз болғанымен басқа маңызды тұлғалармен келісім алу мотиві басым екендігі белгілі болды.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Гаранян, Н. Г.** Перфекционизм как фактор студенческой дезадаптации [Текст] / Д. А. Андрусенко, И. Д. Хломов // Психологическая наука и образование. – 2009. – № 1. – С. 72–81.

2 **Гаранян, Н. Г.** Перфекционизм и враждебность как личностные факторы депрессивных и тревожных расстройств [Текст] : автореф. дис. ... докт. психол. наук. – М., 2010.

3 **Гречко, Т. Ю., Васильева, Ю. Е.** Выявление астенических расстройств среди студентов, как этап оценки психического и соматического здоровья [Текст] // Материалы XXIII межрегиональной научно-практической конференции, 29 апреля 2013 года «Здоровьесбережение : теория и практика». – Липецк, 2013. – С. 326–329.

4 **Гречко, Т. Ю.** Выявление и профилактика суицидальных тенденций в рамках нервно-психических расстройств у студентов-медиков [Текст] / Е. А. Семенова, А. В. Красова // Прикладные информационные аспекты медицины. – Т.15. – № 1. – 2012. – С. 69–76.

5 **Елисеев, О. П.** Структура мотивации / Практикум по психологии личности – СПб., 2003. – С. 431–433.

6 **Ларских, М. В.** Формирование конструктивного перфекционизма студента [Текст]. – Воронеж : Воронежский гос. педуниверситет, 2012. – 153 с.

7 **Ларских, М. В.** Влияние типа перфекционизма на учебную деятельность студента медицинской академии [Текст] / М. В. Ларских, С. В. Ларских, Е. А. Семенова Актуальные вопросы современной психологии и педагогики : Сборник докладов VIII-й Международной научной конференции (Липецк, 24 декабря 2011 г.). / Отв. ред. А. В. Горбенко. – Липецк: Издательский центр «Гравис», 2012. – С. 225–232.

8 **Ларских, М. В.** Феномен перфекционизма как фактор суицидального поведения [Текст] // М. В. Ларских / Материалы Международной Конференции «Морфоклинические аспекты безопасности жизнедеятельности». – Воронеж, ВГМА им. Н. Н. Бурденко, 2012, 23–24 ноября. – С. 7–14.

9 **Ларских, М. В.** Конструктивный перфекционизма студента: сущность, структура, критерии и показатели [Текст] // Вестник ВГУ. Серия Проблемы высшего образования. Воронеж : Издательско-полиграфический центр. – ВГУ. – 2014. – № 2. – С. 48–51.

10 **Ларских, М. В.** Особенности структуры самоактуализации у лиц с конструктивным и деструктивными типами перфекционизма [Текст] // Практическая медицина, апрель, 2014. – № 2 (78) – С. 74–79.

11 **Ларских, М. В.** Познавательные потребности у студентов с высоким уровнем перфекционизма [Текст] / М. В. Ларских // Прикладные информационные аспекты медицины – Т. 17. – № 1. – 2014. – С. 9.

12 **Леонтьев, В. Г.** Мотивация и психологические механизмы ее формирования [Текст]. – Издательство : Новосибирский полиграфкомбинат, 2002. – 264 с.

13 **Маланов, С. В.** Методологические теоретические основы психологии: Учебное пособие. [Текст]. – Воронеж: Изд-во НПО «МОДЭК», 2005. – 336 с.

14 Психология. Словарь [Текст] // А. В. Петровский, М. Г. Ярошевский. – М., 1990. – 494 с.

15 **Собчик, Л. Н.** СМИЛ. Стандартизированный многофакторный метод исследования личности [Текст]. – Издательство : Речь, 2009. – 224 с.

References

1 **Garanyan, N. G.** Perfekcionizm kak faktor studencheskoj dezadaptacii [Perfectionism as a factor of student maladjustment] [Text]. – 2009. № 1. – P. 72–81. [Electronic resource]. – https://psyjournals.ru/journals/pse/archive/2009_n1/Garanyan_Andrusenko_Hlomov

2 **Garanyan, N. G.** Perfekcionizm i vrazhdebnost' kak lichnostnye faktory depressivnyh i trevozhnyh rasstrojstv [Perfectionism and hostility as personality factors in depressive and anxiety disorders] [Text]. – М., 2010. [Electronic resource]. – <https://www.dissercat.com/content/perfektsionizm-i-vrazhdebnost-kak-lichnostnye-factory-depressivnykh-i-trevozhnykh-rasstrojst>

3 **Grechko, T. Yu., Vasil'eva, Yu. E.** Vy'yavlenie astenicheskix rasstrojstv sredi studentov, kak e'tap ocenki psixicheskogo i somaticheskogo zdorov'ya [Identification of asthenic disorders among students as a stage of mental and somatic health assessment] [Text] // Materialy' XXIII mezhregional'noj nauchno-prakticheskoy konferencii, 29 aprelya 2013 goda «Zdorov'esberezhenie: teoriya i praktika». – Lipieczk, 2013. – P. 326-329. [Electronic resource]. – <https://med-click.ru/uploads/files/docs/znachenie-vyyavleniya-astenii-pri-otsenke-psihicheskogo-i-somaticheskogo-zdorovya-studentov-problemy-terapii.pdf>

4 **Grechko, T. Yu.** Vy'yavlenie i profilaktika suicidal'ny'x tendencij v ramkax nervno-psichicheskix rasstrojstv u studentov-medikov [Identification and prevention of suicidal tendencies within neuropsychiatric disorders in medical

students] [Tekst] / E. A. Semenova, A. V. Krasova // Prikladny'e informacionny'e aspekty' mediciny'. – T.15. – №1. – 2012. – P. 69–76.

5 **Eliseev, O. P.** Struktura motivacii / Praktikum po psilogii lichnosti [Motivation structure] [Text]. – SPb., 2003. – P. 431–433. [Electronic resource]. – <https://psytests.org/book/eliseev-praktikum.html>

6 **Larskih, M. V.** Formirovanie konstruktivnogo perfekcionizma studenta [Formation of constructive perfectionism of the student] [Text]. – Voronezh : Voronezhskij gospeduniversitet, 2012. – 153 p. [Electronic resource]. – <https://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-sformirovannosti-akademicheskoy-prokrastinatsii-buduschego-vypusknika-universiteta-s-razlichnymi-strategiyami/viewer>

7 **Larskih, M. V.** Vliyanie tipa perfekcionizma na uchebnuyu deyatel'nost' studenta medicinskoj akademii [Influence of perfectionism type on medical student's academic performance] [Tekst] / M. V. Larskih, S. V. Larskih, E. A. Semenova // Aktual'ny'e voprosy' sovremennoj psilogii i pedagogiki : Sbornik dokladov VIII-j Mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii (Lipetsk, 24 dekabrya 2011 g.). / Otv. red. A. V. Gorbenko. – Lipetsk : Izdatel'skij centr «Gravis», 2012. – P. 225-232.

8 **Larskih, M. V.** Fenomen perfekcionizma kak faktor suicidal'nogo povedeniya [The phenomenon of perfectionism as a factor in suicidal behavior] [Tekst] // M. V. Larskih / Materialy' Mezhdunarodnoj Konferencii «Morfoklinicheskie aspekty' bezopasnosti zhiznedeyatel'nosti». – Voronezh, VGMA im. N. N. Burdenko, 2012, 23–24 November – P. 7–14. [Electronic resource]. – <https://cyberleninka.ru/article/n/sootnoshenie-perfektsionizma-i-form-sotsialnoy-aktivnosti-rossijskoy-molodezhi-na-primere-saratovskogo-regiona/viewer>

9 **Larskih, M. V.** Konstruktivny'j perfekcionizma studenta: sushhnost', struktura, kriterii i pokazateli [Student's constructive perfectionism: essence, structure, criteria and indicators] [Tekst] // Vestnik VGU. Seriya Problemy' vy'sshego obrazovaniya. – Voronezh : Izdatel'sko-poligraficheskij centr. – VGU. – 2014. – № 2. – P. 48–51.

10 **Larskih, M. V.** Osobennosti struktury samoaktualizacii u lic s konstruktivnym i destruktivnymi tipami perfekcionizma [Features of the structure of self-actualization in persons with constructive and destructive types of perfectionism] [Text] // Prakticheskaya medicina, aprel', 2014. – 2 (78). – P. 74-79.

11 **Larskih, M. V.** Poznavatel'nye potrebnosti u studentov s vysokim urovnem perfekcionizma [Cognitive needs in students with high levels of perfectionism] [Text] / M. V. Larskih // Prikladnye informacionnye aspekty medii. – Vol. 17. – № 1. – 2014. – 9 p.

12 **Leont'ev, V. G.** Motivaciya i psixologicheskie mexanizmy' ee formirovaniya [Motivation and psychological mechanisms of its formation]

[Text]. – Izdatel'stvo Novosibirskij poligrafkombinat, 2002. – 264 p. [Electronic resource]. – <https://journals.indexcopernicus.com/search/article?articleId=1927705>

13 **Malanov, S. V.** Metodologicheskie teoreticheskie osnovy' psixologii: Uchebnoe posobie [Methodological theoretical foundations of psychology: Textbook.] [Text] // Voronezh: Izd-vo NPO «MODE'K», 2005. – 336 p. [Electronic resource]. – <http://lib.mgppu.ru/opacunicode/index.php?url=/notices/index/IdNotice:49908/Source:default>

14 Psixologiya. Slovar' [Psychology. Dictionary] [Tekst] // A. V. Petrovskij, M. G. Yaroshevskij. – M., – 1990. – 494 p.

15 **Sobchik, L. N.** SMIL. Standartizirovannyj mnogofaktornyj metod issledovaniya lichnosti [SMMPR. Standardized multifactor method of personality research] [Text]. – Izdatel'stvo Rech', 2009. – 224 p.

05.04.25 ж. баспаға түсті.

02.05.25 ж. түзетулерімен түсті.

13.05.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Г. К. Касымбекова¹, М. П. Асылбекова², М. Е. Нурғалиева³

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана

³Торайгыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар

Поступило в редакцию 05.04.25.

Поступило с исправлениями 02.05.25.

Принято в печать 13.05.25.

МОТИВЫ И ПОТРЕБНОСТИ ПЕРФЕКЦИОНИСТСКИХ ОТНОШЕНИЙ СТУДЕНТОВ

В статье дан теоретический анализ работ ученых, в которых установлено, что при дифференциации перфекционистского уровня обучающихся в процессе высшего образования среди студентов повышен уровень тревожности и депрессии, снижены способности к стрессу и повышена склонность к суицидальному поведению, на основании чего рассматривается специфика потребностно-мотивационной сферы студентов с высоким уровнем перфекционизма. Известно, что проблема людей с высоким уровнем перфекционизма, хотя и всесторонне анализируется, до сих пор является одной из актуальных, так в педагогических и психологических науках: в чем

суть перфекционизма в различных сферах жизнедеятельности; есть ли у перфекционизма положительные стороны; в чем структура и критерии перфекционизма; в чем положительный смысл стремления к успеху; в чем детерминанты формирования здоровых типов перфекционизма и т.д. отсутствие исчерпывающих, точных ответов на вопросы до настоящего времени раскрывает актуальность данной темы. Анализируя основные проблемы перфекционизма, остановимся на анализе особенностей потребностно-мотивационных зон студентов-перфекционистов высшего уровня. В соответствии с общетеоретическими предположениями исследования, потребности обучающихся в удовлетворении их деструктивного и конструктивного перфекционизма через стремление к успеху реализуются различными мотивами. Целью исследования является сравнение структуры потребностей для достижения успеха в зависимости от типологий перфекционизма. Потребность в достижении успеха, будучи лидером для студентов с высоким уровнем перфекционизма, является относительной, которая отражает уровни достижения и саморегуляции, мотивации для реализации актуализации (для студентов с конструктивным (конструктивным) перфекционизмом) или мотивации для предотвращения неудач и мотивации для получения согласия значимых для себя личностей (для деструктивных перфекционистов проводится эмпирическое исследование, полностью анализируются показатели экспериментальной и контрольной групп результатов исследования и представляются результаты.

Ключевые слова: перфекционизм, деструктивный перфекционизм, конструктивный перфекционизм, мотивация достижения, мотивация побега от неудачи, самореализация.

*G. K. Kasymbekova¹, M. P. Asylbekova², M. E. Nurgaliyeva³

^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana

³Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar,
Received 05.04.25.

Received in revised form 02.05.25.

Accepted for publication 13.05.25.

MOTIVATIONS AND NEEDS OF PERFECTIONIST STUDENT RELATIONS

The article gives a theoretical analysis of the works of scientists, which found that when differentiating the perfectionist level of students in the process of higher education among students, the level of anxiety and depression is increased, the ability to stress is reduced and the tendency to suicidal behavior is increased, on the basis of which the specifics of the need-motivational sphere of students with a high level of perfectionism are considered. It is known that the problem of people with a high level of perfectionism, although comprehensively analyzed, is still one of the relevant, so in pedagogical and psychological sciences: what is the essence of perfectionism in various spheres of life; whether perfectionism has positives; what is the structure and criteria of perfectionism; what is the positive meaning of striving for success; what are the determinants of the formation of healthy types of perfectionism, etc. The lack of comprehensive, accurate answers to questions so far reveals the relevance of this topic. Analyzing the main problems of perfectionism, we will dwell on the analysis of the features of the need-motivational zones of perfectionist students of the highest level. In accordance with the general theoretical assumptions of the study, the needs of students in meeting their destructive and constructive perfectionism through the desire for success are realized by various motives. The aim of the study is to compare the structure of needs for success depending on the typologies of perfectionism. The need to achieve success by being a leader for students with high levels of perfectionism is relative, which reflects levels of achievement and self-regulation, the motivation to implement actualization (for students with constructive (constructive) perfectionism) or motivation to prevent failures and motivation to obtain consent of persons significant for themselves (for destructive perfectionists, an empirical study is carried out, the indicators of the experimental and control groups of the study results are fully analyzed and the results are presented.

Keywords: perfectionism, destructive perfectionism, constructive perfectionism, achievement motivation, escape motivation from failure, self-realization.

Теруге 12.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

9,42 Kb RAM

Шартты баспа табағы 32,63.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. Ж. Шокубаева

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Тапсырыс № 4404

Сдано в набор 12.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

9,42 Kb RAM

Усл.п.л. 32,63. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. Ж. Шокубаева

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Қожас

Заказ № 4404

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.pedagogic-vestnik.tou.edu.kz